

**Жумашева Камшат Бериковнаның**  
**8D02304 – Филология білім беру бағдарламасы бойынша**  
**философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған**  
**«Тілдегі гендерлік оппозиция» тақырыбындағы диссертациялық**  
**жұмысына отандық кеңесшінің**

**ШКІРІ**

Тіл ғылымы саласындағы заманауи зерттеулерді антропоэзектік ұстаным мен қоғамның өмір сүру салалары үшін мәні зор сипаты ерекшелендіреді. Тіл – тіл үшін ғана емес, оны қолданушы – адам, әлеуметтік орта өкілі, коммуникативтік тұлға, қауымдастық, ұлт, халық, мемлекет сияқты тараптардың қажеттіліктеріне және заман мен қоғам, ғылым мен техника дамуының сұраныстарына қарай бағыттталып зерттелуі өзекті. Осы орайда адамның гендерлік болмысы да – гендерлік мінез-құлық пен рөлдер, гендерлік таптаурындар мен нормалар, гендерлік оппозиция, гендерлік тәрбие беру, гендерлік құндылықтар мен концептосфера сынды антропологиялық категориялар бірқатар ғылымдардың, әлеумет пен мемлекеттің, этникалық саясаттың, отбасылық және мәдени-әлеуметтік институттардың назарын аудартып отырған іргелі проблемалардың бірі.

Тілдің гендерлік жіктелімінің ғылыми негіздерін айқындау, оның ұстанымдары мен ұғымдарын талдап көрсету жалпы тіл білімінің теориялық мәселелерін зерделеуге, қазіргі ғылымдар тоғысын құрайтын көкейтесті проблемаларды шешуге, қазақ тіл ғылымының жаңа бағыттарын әрі қарай дамытуға септігін тигізеді.

Диссертант К.Б. Жумашеваның зерттеу жұмысында тіл ғылымының әлеуметтік лингвистика бағытынан өрбіп, дамып келе жатқан гендерлік лингвистика саласының тірек категорияларының бірі гендерлік оппозиция алғаш рет зерттеу нысанына алынған.

Ғылыми жұмыста гендерлік оппозицияны зерттеудің метатілі, оның мәні мен құрамын сипаттаушы категория түрлері «*оппозиция*», «*гендерлік оппозиция*», «*тілдегі гендерлік оппозиция*» ұғымдарының мазмұны мен мәні нақтыланып, гендерлік лингвистикалық категория ретінде сипаты ашылады. Тілдік категорияларға қарағанда, гендерлік категориялар әлеуметтік лингвистикалық болмысымен сипатталады және сол сипаты арқылы тілдік деректерді гендерлік тұрғыдан түсіндіреді.

Зерттеуде гендерлік оппозицияның тіл біліміндегі зерттелу жайы теориялық тұрғыдан сарапталып, мазмұны мен бағыттары анықталған, пәнаралық сипатта зерттеу (*әлеуметтік лингвистикалық, психоллингвистикалық, лингвокогнитивтік, лингвомәдениеттанымдық*) ұстанымдары белгіленген. Бұл нәтижеге жетуде диссертант шетелдік және отандық ғалымдардың тұжырымдарын талдап, гендерлік оппозиция категориясын зерттеудің лингвистикалық әдіснамасын ұсынған.

Гендерлік оппозицияның маркерленуі тілдің барлық деңгейлерінде жүзеге асады. Диссертациялық жұмыста гендерлік оппозицияны құрайтын

маскулиндік (еркектік) және фемининдік (әйелдік) категорияларына қатысты оппозициялық, асимметриялық деректер тілдің лексикалық, семантикалық, номинативтік, концептуалдық деңгейлері мен қабаттарындағы көрінісін бейнелейтін лексикографиялану, метафоралық модельдену және ассоциативтік таным негізінде дәйектеліп, ғылыми дәлелденген.

Гендерлік тілдік тұлға дүниетанымын ассоциативтік тәжірибелік талдау арқылы оппозициялық мазмұнды (асимметриялық семантика) саралауға бағытталған *гендерлік ерекшелік индексі* өлшемі қолданылған.

Тілдегі гендерлік оппозицияның ғылыми негіздерін айқындау, оның ұстанымдары мен ұғымдарын талдап көрсету гендерлік лингвистиканың теориялық мәселелерін зерделеуге және әлеуметтік лингвистика, когнитивтік лингвистика, лингвомифология, лингвомәдениеттану ғылымдары тоғысындағы көкейтесті мәселелерді шешуге, тіл ғылымының жаңа бағыттарын әрі қарай дамытуға септігін тигізеді. Қалыптастырылған зерттеу әдістемесі – лингвистикалық ғылыми ізденістерде үлгі бола алатын тәжірибе.

Зерттеу жұмысы диссертацияға қойылатын құрылымдық-композициялық талап деңгейіне сай. Ол кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады. Жұмыстың бөлімдері тараушаларға жіктеліп түсіндірілген. Олардың әрқайсысы бір-бірімен ішкі тұтастықты дәйектеп, идеялық тоғысуды сақтай жалғасқан.

Зерттеудің негізгі ғылыми-теориялық нәтижелері бойынша отандық және шет елдердің ғылыми журналдарында, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларында бірнеше мақалалар жарияланған. Диссертациялық зерттеу идеясы мен қорытындыларын негіздеу мақсатында ғылыми еңбектер, түсіндірме сөздіктер, қазақ тілінің ұлттық корпусынан алынған тілдік деректер жинақталып, жүйеленіп талдау жасалған, гендерлік тұлға ретінде әртүрлі жастағы 912 респондентпен ассоциативтік тәжірибе жүргізілген.

Ұсынылып отырған ғылыми жұмыстың мазмұны мен нәтижесі диссертанттың ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге қажетті дағдылар мен күзiреттiлiктердi толықтай игергендiгiн көрсетеді.

Жалпы алғанда, Камшат Бериковна Жумашеваның 6D020500–Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған «Тілдегі гендерлік оппозиция» атты зерттеуі диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, диссертациялық жұмыс толық аяқталған. Сондықтан К.Б. Жумашеваның ғылыми жұмысын 8D02304 – Филология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге лайық деп санаймын.

19.05.2023

**Отандық ғылыми кеңесші,  
филология ғылымдарының докторы,  
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің профессоры**



**Г.Т. Шоқым**